

**5–11 сыныптардағы күнтізбелік-тақырыптық жоспарлау (КТЖ)
және қысқа мерзімді жоспарлау (ҚМЖ)
тексеру қорытындылары бойынша**

АНЫҚТАМА

2025–2026 оқу жылына арналған мектепшілік бақылау жоспарына сәйкес 5–11 сыныптарда сабақ беретін мұғалімдердің күнтізбелік-тақырыптық жоспарлау (КТЖ) және қысқа мерзімді жоспарлау (ҚМЖ) жағдайына тексеру жүргізілді.

Тексерудің мақсаты:

КТЖ мен ҚМЖ-ның нормативтік талаптарға сәйкестігін анықтау, жоспарлаудағы бірыңғай талаптардың сақталуын, құжаттаманың болуы мен қолжетімділігін бағалау.

Тексеру нәтижелері

1. 2025–2026 оқу жылының басында барлық мұғалімдер күнтізбелік-тақырыптық жоспарларын мектеп басшысы арқылы бекітті.
2. КТЖ-ның электрондық нұсқалары оқу ісі жөніндегі орынбасар Д.М. Жунусоваға уақтылы тапсырылды. Барлық КТЖ жүйелендіріліп, Google Дискке орналастырылды, бұл мұғалімдерге жоспарлауға сілтеме арқылы кез келген уақытта қол жеткізуге мүмкіндік береді.
3. Қысқа мерзімді жоспарлар (ҚМЖ) күн сайын кезекші әкімшілік тарапынан тексеріледі.
4. Мұғалімдердің басым бөлігі ҚМЖ-ны электрондық форматта жүргізеді. Тек шамамен 10% педагог ҚМЖ-ны қағаз түрінде жүргізеді.
Олар:
 - Грих Л.В.
 - Борисова В.П.
 - Литвиненко Н.М.
 - Закариянова Б.Т.
5. Тексеру барысында келесі ескертулер анықталды:
 - 2025–2026 оқу жылының басында педагогикалық кеңесте ҚМЖ-ны тексеру үшін ноутбук немесе стационарлық компьютер арқылы көрсету қажеттілігі түсіндірілгеніне қарамастан, тексеру барысында ҚМЖ-ны ұялы телефон арқылы көрсету жағдайлары тіркелді. Бұл ретте кейбір файлдар ашылмай немесе көруге қолжетімсіз болды.
 - Скоырская М.В. және Шовкань А.С. мұғалімдерінің ҚМЖ-сы күндер бойынша және сабақ бойынша емес, жалпы бір құжат түрінде ұсынылған, бұл ағымдағы сабақ жоспарын жедел тексеруді қиындатады.
 - Ағымдағы оқу жылында декреттік демалыстан шыққан Нурмуханбетова А.А. мұғалімнің ҚМЖ-сы №130 бұйрық талаптарына сәйкес келмейтін ескі үлгіде рәсімделген.

Қорытынды

Жалпы алғанда, 5–11 сыныптардағы КТЖ мен ҚМЖ-ны жүргізу жағдайы қанағаттанарлық деп бағаланады. Жоспарлау негізінен жүйелі түрде,

электрондық ресурстарды пайдалану арқылы жүзеге асырылуда. Алайда анықталған ескертулер ҚМЖ нысандарын біріздендіру және нормативтік талаптарды сақтау қажеттігін көрсетеді.

Ұсынымдар

1. Барлық мұғалімдерге:
 - ҚМЖ-ның тексеру кезінде ашылатын, қолжетімді форматта болуын қамтамасыз ету;
 - ҚМЖ-ны сабақ бойынша және күндерге бөліп, сабақтың нақты құрылымын сақтай отырып жүргізу.
2. Нурмуханбетова А.А. мұғалімге:
 - ҚМЖ нысанын №130 бұйрық талаптарына сәйкес жаңарту;
 - оқу ісі жөніндегі орынбасармен кеңес алу.
3. КТЖ-ны Google Диск арқылы орталықтандырылған түрде сақтау тәжірибесін жоспарлауды ұйымдастыру мен бақылаудың тиімді формасы ретінде жалғастыру.

Оқу ісі жөніндегі орынбасарының м.а.  Д.М. Жунусова

29.09.2025